ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 21 шілде іс № 5501-25-00-2/1622 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Дағдарыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Ануарбек Булгын Оразбековна «АНУАРБЕК БУЛГЫН ОРАЗБЕКОВНА» жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.
Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы.

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Дағдарыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ануарбек Булгын Оразбековна «АНУАРБЕК БУЛГЫН ОРАЗБЕКОВНА» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Ануарбек Булгын Оразбековна «АНУАРБЕК БУЛГЫН ОРАЗБЕКОВНА» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Ануарбек Булгын Оразбековна «АНУАРБЕК БУЛГЫН ОРАЗБЕКОВНА» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісінен 42 444 (қырық екі мың төрт жүз қырық төрт) тенге тұрақсыздық айыбы және төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 3239 (үш мың екі жүз отыз тоғыз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Сләм**

Құжатқа қол қойылған: Сләм А. С., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.08.2025, судья Сләм А. С., 15.09.2025

5501-25-3-1/1815